

ТАҚЫРЫПТАР БОЙЫНША ПРАКТИКАЛЫҚ САБАҒЫ

1. Семинар сабағының тақырыбы. КОРПОРАТИВТІК ДЕҢГЕЙДЕГІ МАРКЕТИНГТІК СТРАТЕГИЯЛАР

2. Сабақтың мазмұны:

- 9.1 Кәсіпорынның маркетингтік стратегиялар жүйесі.
- 9.2 Қоржындық стратегиялар.
- 9.3 Өсу стратегиялары.
- 9.4 Бәсекелік стратегиялар.

3. Сабақтың мақсаты мен міндеттері: Мақсаты: студенттерді маркетингті басқарудың негізгі категорияларымен, принциптерімен және механизмімен таныстыру; маркетингті басқарудың қолданыстағы үлгілері мен әдістерін зерттеу; стратегиялық және тактикалық маркетингті басқару дағдыларын дамыту; студенттерді маркетингті басқару саласындағы отандық және шетелдік тәжірибемен таныстыру; студенттерді маркетингті басқарудың тиімділігін бағалауға үйрету.

4. Техникалық (оның ішінде оқытудың да) және инструментальдық құралдар: слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық, есептер.

5. Сабақтарды өткізу тәртібі:

- *Үйге берілген тапсырманы тексеру*
- *Тақырып бойынша теориялық білімді тексеру*
- *Өзін-өзі бақылау сұрақтары:*

1. Маркетингтік стратегиялардың мазмұны мен деңгейлерін сипаттаңдар
2. Кәсіпорынның түрлі қызмет салалары бойынша басқару шешімдерін қабылдаудағы қоржындық стратегияларды сипаттаңдар
3. БКТ матрицасының жалпы мазмұны қандай?
4. БКТ матрицасындағы жұлдыз, сауынды сиырлар, өнімдерінің мазмұнын сипаттаңдар
5. Джи-И-Макензи матрицасының жалпы мазмұнына сипаттама беріңдер
6. Ансофф матрицасы неше және қандай стратегияларды жорамалдайды?
7. Сыртқы сатып алу матрицасын сипаттаңдар
8. Жаңа БКТ матрицасын сипаттаңдар
9. Кәсіпорынның бәсекелестік жағдайын басқару жөніндегі матрицалар мен үлгілерді сипаттаңдар
10. М. Портер жасап шығарған үлгілер мен матрицалар қандай мүмкіндіктер береді?